

Бүгінгі қыз ертенгі ана

Семей «Бизнес және сервис» колледжінде 04- сәуір күні «Бүгінгі қыз ертенгі ана» атты ашық тәрбие сағаты өтті. Іс-шараға 21 ОГХ тобының қыздары мен колледж оқытушылары қатысты. Ұйымдастырушы-колледж оқытушысы Ошакбаева Меруерт Аскерджановна.

Бұл тәрбие сағатының мақсаты: Оқушылардың ой –өрісін, тіл байлығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Ана алдындағы парызы мен қарызы туралы білім беру, балаларды анаға деген сүйіспеншілікке баулу, ана еңбегін ардақтап, мейрімділікке сый құрметке тәрбиелеу. Аналарды құрметтеуге, ардақтауға тәрбиелеу, бала мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Сайыстың шарттары:

I-кезең. *«Мен қазақтың қызымын» (таныстыру)*

II-кезең. *«Халқын сүйген-салтын сүйер» Үй тапсырмасы (аналар қамыр жайып сайысады)*

III-кезең. *«Ою ойганның ойы ұшқыр» (қыздарымыздың ою ою сайысы)*

III-кезең. *«Қыздарға әсемдік жарасады» (аналар мен қыздардың киім киісі, өзін-өзі ұстауы, шаш үлгісін жасау, сән үлгісі)*

IV-кезең. *«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» (аналардың қыздарға үйреткен тәлімдері, қыздарға сұрақ)*

V-кезең. *«Өнерлі өрге жүзер» (аналар мен арулар өз өнерін көрсетеді)*

Қатысушылар:

1. Топишева Гульмира Аргыновна, Курманова Гульдана
2. Бейсенова Айнаш Қызырхановна, Рыспекова Жұпар
3. Сулейменова Рысгуль Кабыкеновна, Тойлыбаева Әсел
4. Жиенбаева Ақгүл Слямхановна, Адилгазина Мадина
5. Кундукова Маншук Глеугазыевна, Тортаева Айгерім

Тәрбие сағаты барысында аналар-колледж оқытушылары мен қыздарымыз-студенттер өз өнерлерін ортаға салып, ән айтып, би билеп, қамыр жайып, ою ойып, әртүрлі қазақ салт-дәстүріне байланысты білімдерін ортаға салды.

Өткізілген тәрбие сағатының маңызы қазақ қыздарының бойына ұлттық тәрбиені сіңіру болды. Сайыс соңында аналарымыз бен қыздарымыз келесідей номинацияларға ие болды.

Номинациялар аналарға

- *«Парасатты ана»*
- *«Мерейлі ана»*
- *«Өнегелі ана»*
- *«Аяулы ана»*
- *«Ардақты ана»*

Номинациялар қыздарға

- *«Инабатты ару»*
- *«Өнерлі ару»*
- *«Зерделі ару»*
- *«Білімді ару»*
- *«Ақылды ару»*











